



Айтеке би көшесі №50і, телефон-факс: 87135935408, E-mail: aqtasty.zhobbm@yandex.kz

Бұйрық №4 н/к

31.01.2022 жыл

«Қорытынды аттестаттау  
өткізу үшін комиссия құру» туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту» туралы 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы №265 бұйрығы негізінде

**Бұйырамын:**

1. Негізгі орта, жалпы орта мектеп бітірушілердің үлгеріміне қорытынды аттестаттау өткізу үшін емтихан комиссиясы төмендегідей құрылсын:
  1. С.Г.Аяпова-мектеп директоры емтихан комиссиясының төрайымы
  2. А.А.Султанова-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
  3. М.Ж.Ибрагимова-тарих пәнінің мұғалімі
  4. М.А.Амитжан-9 сынып жетекшісі
  5. А.Т.Айтмағамбетова-11 сынып жетекшісі
2. Мектеп жанынан құралған комиссия келесі іс шараларды жүзеге асырсын:
  - 1) Білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар үшін қорытынды аттестаттау өткізу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
  - 2) 11 (12) сынып білім алушыларының оқыту бейінін ескере отырып таңдаған пәндерінің тізбесін көрсете отырып қорытынды аттестаттау тапсыратын 11(12) сынып білім алушыларының тізімін қалыптастыру және ҰТО филиалына ағымдағы жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде жолдау.
  - 3) Қорытынды аттестаттау өткізу жөніндегі, сондай-ақ қорытынды аттестаттауға білім алушыларды даярлау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.
  - 4) Қорытынды аттестаттау өткізу уақытына кезекшілер құрамын қалыптастыру және кабинеттерді қажетті техникалық жабдықтармен (тындалым үшін магнитофон) қамтамасыз ету.
  - 5) 9 (10) және 11(12) сынып білім алушыларының, оның ішінде жалпы орта білім туралы үздік және «Алтын белгі» аттестаттарын алуға үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын карау және ауызша емтихан жауаптарын тыңдау, тестілеу нәтижелерін тексеру.
  - 6) Жазбаша емтихан жұмыстарын, тестілеу аяқталғаннан кейін және ауызша емтихан тыңдалғаннан кейін Хаттаманың электронды нұсқасын Әйтеке би білім бөліміне жолдау.
  - 7) Тестілеу нәтижелерін беру және пайдалану.
  - 8) Тестілеу нәтижелерінің балдарын ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылдың 6 маусым №265 бұйрығының 4-қосымшасына сәйкес Тестілеу балдарын жалпы орта білім туралы аттестаттын бағаларына ауыстыру шәкіліне сәйкес бағаларға ауыстыру.
  - 9) Апелляцияға түскен ұсыныстардың негізделген карау және шешім қабылдау.
  - 10) Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.